Ш Е Ш І М
Қ А З А Қ С Т А Н Р Е С П У Б Л И К А С Ы Н Ы Ң
А Т Ы Н А Н

2025 жылғы 05 наурыз №5930-25-00-2/317 Петропавловск қаласы

Солтүстік-Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.С. Әбілмажінова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қою жөніндегі азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Сәлімжан» Сәлімжан Зухра Асхатқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 267-1, 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Сәлімжан» Сәлімжан Зухра Асхатқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы толығымен қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сәлімжан» Сәлімжан Зухра Асхатқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сәлімжан» Сәлімжан Зухра Асхатқызыннан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 3120 (үш мың бір жүз жиырма) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 94 (тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Сәлімжан» Сәлімжан Зухра Асхатқызыннан жергілікті бюджет кірісіне 1 846 теңге (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде аталған шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы.

Бұл шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге мерзім өткеннен кейін, ал өтініш берілген жағдайда – бұл өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы сотпен ұйғарым шығарылғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеаталған шешімге тараптармен шағым жасалуы, немесе апелляциялық тәртібінде прокурормен наразылық келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.С. Әбілмажінова**

Құжатқа қол қойылған: Абильмажинова Ж. С., 05.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.04.2025, судья Абильмажинова Ж. С., 25.04.2025